



Magzhan zhuldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 51 (902) 25 желтоқсан 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ



Жаңа жыл
құтты болсын!

Құрметті сәтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Біз өткен жылға көз жүгіртіп, атқарылған істерді саралап, алдағы мақсат-міндеттерді айқындаймыз. Өтіп бара жатқан 2026 жыл маңызды оқиғалар мен елеулі жетістіктерге толы болды және әрқайсымыздың жадымызда өзінің ерекше сәттерімен сақталары сөзсіз.

Биыл бірқатар аултулы мерейтойлар атап өтілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы және басқа да маңызды мерейтойлар кеңінен аталып өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев азаматтардың әл-ауқатын арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөліп, еліміздің қарқынды дамуына және қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларды жүзеге асыруды тапсырды. Бұл басымдықтар Қазақстанның одан әрі өркендеуіне бағыт-бағдар болып отыр.

Солтүстік Қазақстан облысы үшін 2025 жылдаму көрсеткіштерімен есте қалады. Маңызды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып, жолдар, мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер жөнделіп, жаңалары салынды. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы бағытындағы кәсіпорындар іске қосылды. Ауалар мен қоғамдық орындарды абаттандыру жұмыстары жалаасын тапты.

Бұл жетістіктердің барлығы сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің, белсенділігіңіз бен өңірдің тыныс-тіршілігіне деген жанашырлық ниеттеріңіздің нәтижесі. Қол жеткізген табыстарымыз – баршамыздың бірлескен еңбегіміздің жемісі.

2026 жыл да еліміз үшін ерекше мәнге ие болмақ – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 35 жыл толады. Демек қазіргі қарқынды бәсеңдеп, бірлесе отырып, бұдан да биік жетістіктерге қол жеткізілімізге сенімдімін.

Баршаңызға зор денсаулық, бейбіт өмір және ырыс тілеймін! 2026 жыл жаңа идеяларға, маңызды оқиғалар мен жарқын белестерге толы болсын. Әр шаңырақта сүйіспеншілік, татулық пен жылылық орнасын!

Жаңа 2026 жыл құтты болсын!

Ғауез НҮРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Құрметті мағжандықтар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл күндері - біз өткенімізді бағалап, болашаққа үмітпен қарайтын ерекше уақыт. Өтіп бара жатқан жыл мазмұнды, әрі маңызды болды, ол біздің ауданымызға жаңа міндеттер, жетістіктер мен тажірибе әкелді, ол одан әрі даму үшін берік негіз болады.

2025 жыл біздің мемлекетімізді, бірлігімізді және тарихи мұраны құрметтеуді нығайтатын бүкіл ел үшін маңызды оқиғалар мен мерейтойлық даталардың белгісімен өтті. Бұл күндер Қазақстанның тұрақты дамуының негізінде жатқан тәуелсіздік, бейбітшілік пен келісім құндылықтарын тағы да еске түсірді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей: «Ұлт бірлігі, қоғамдық келісім және жасампаз еңбек - еліміздің тұрақты дамуының басты шарттары». Бұл сөздер аудан тұрғындарының туған өлкені дамытуға қосқан үлесін толықтай көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев ауданы үшін өткен жыл алағалы кезеңі болды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, білім беру, денсаулық сақтау және ауыл шаруашылығы салаларында жобалар іске асырылды, жол желісін жаңарту, елді мекендерді абаттандыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жалаасты. Құрметті аудан тұрғындары, осының бәрі - мемлекеттің, жергілікті атқарушы органдардың, ең алдымен, сіздердің, бірлескен күш-жігерлеріңіздің нәтижесі.

Туған ауданымыздың тағдырына немқұрайлы қараандарыңыз, үшін әркімеге шын жүректен алығсы айтамын. Дәл сіздердің белсенді өмірлік ұстанымдарыңыз біздің ауданды жайлы әрі мықты етеді.

2026 жылы біз бүкіл елмен бірге, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығын атап өтеміз. Алдағы жыл ауданды одан әрі дамытуға және белгіленген жоспарларды табысты іске асыруға жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін.

Құрметті жерлестер, қымбатты мағжандықтар!

Сіздерді үлкен әрі жарқын мереке - Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге, шын жүректен бақыт, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс, ең бастысы, мықты денсаулық тілеймін!

Рахат СМАҒҰЛОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

БУЛАЕВТА ЖАҢАЖЫЛДЫҚ БАС ШЫРШАНЫҢ ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ



22 желтоқсан күні «Достық» мәдениет және демалыс саябағында жаңажылдық бас шыршаның шамын жағуға арналған салтанатты іс-шара болып өтті.

Жаңа жыл мерекесіне орай, безендіріліп, шамдары жарықтанған саябаққа қала тұрғындары көптеп жиналып, 2026 жылдан зор үміт күтетіндерін паш етті.

Қалалықтарды Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжанов құттықтап, жерлестеріне жылы лебізін білдірді.

- Құрметті Булаев қаласының тұрғындары мен қонақтары! Сіздерді келе жатқан жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Өткен жыл шынымен жарқын, маңызды және жағымды өзгерістерге толы болды.

Жыл бойы білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау мекемелерінде жөндеу бойынша абаттандыру жұмыстары көп жүргізілді. Әрбір қалалық өз үй ауласын көркейтп, ортақ іске үлес қосты. Осылайша, қаланың гүлденуіне әр адам атсалысып келеді. Бұл қуантарлық жағдай.

Ендеше, қала үшін маңызды игі істер келер жылы да жалғасын тауып, келе жатқан Жаңа жыл отбасыларыңызға молшылық, амандық-саулық, сіздердің үйлеріңізге жылулық пен жайлылық әкелсін. Баршаңызға зор денсаулық, бақыт,

келісім тілеймін, - деді Азамат Тоқышұлы.

Мерекелік кеште Аяз Ата мен Ақшақар, ертегі кейіпкерлері өнер көрсетіп, жиналғандар, әсіресе, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бұл күні белсенді демалысты ұнататындар үшін саябақта конькилер мен тобиңгерді жалға беру орны жұмыс істеп, мерекелік кеш меймандарына ерекше жылулық сыйлау үшін ыстық шай ұсынылды.

Мерекелік шарада аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары өнер көрсетіп, әнінен шашу шашты.

Осылайша, Булаев қаласы жаңа жыл қарсаңында ерекше сәнге бөленіп, түрлі жарықшамдармен көмкерілді.

Еліміз тағы бір белесті еңсеріп, күнтізбеде жаңа жылдың бетін айқара ашқалы отыр. Әрине тарихта әрбір жылдың орны ерекше. Әсіресе, біз үшін қастерлі саналатын жылқы жылын еліміз бөреке мен жетістіктер жылы деп санайды. Сондықтан, біз алдағы жылдан толайым табыстар, барлық сападан жетістіктер күтеміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ»



22 желтоқсан күні «Оқушылар сарайында» «Қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және нығайту: басшылардың ұйымдастырушы ролі» тақырыбында рухани форум өтті. Форумға облыс әкімі - Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Фауез Нұрмұхамбетов, мемлекеттік органдардың басшылары, депутаттар, Қазақстан халқы Ассамблеясы этноәлеуметтік бірлестіктері, дің өкілдері, облыстың қоғам өкілдері, аудандар бейнебайланыс арқылы қатысты.

«Бұл ретте басшылардың алатын ролі үлкен. Мемлекеттің тұрақты дамуы, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты және жүзеге асырылып жатқан реформалардың тиімділігі қоғамда азаматтық бірегейлікпен жауапкершілік сезімінің орнығуымен тікелей байланысты. Біздің міндетіміз жұмыстың ашықтығын қамтамасыз ету, ашық диалогты қолдау және азаматтардың мүдделерін ескеру», - деді Фауез Торсанұлы.

Өңірде ұлттық бірлікті нығайтуға және рухани құндылықтарды сақтау бағытында жыл сайынғы форум аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, ғылыми қауымдастық, білім беру және мәдениет салаларының өкілдері баяндама жасады.

Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясы ерекше рөл атқарады. Өңірде 87 ұлт өкілдері және 11 діни конфессия тұрады. Ассамблея түрлі этнос өкілдерін біріктіретін бірегей институт, бірлескен шығармашылық жұмыс алаңы болып табылады. Осындай диалог алаңдары әрі қарай азаматтар арасында өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға, мәдениетаралық ынтымақтастықты дамытуға және қоғамда бейбітшілік пен бірлікті берік қалыптастыруға септеседі.

Форум соңында облыстық Ассамблея өкілдері этносаралық келісімді нығайтуға қосқан үлестері үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық наградаларымен, Алғыс хаттармен марапатталды.

2025 ЖЫЛ - ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ШАРУАЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ



Алтын дән ауылдық округіне қарасты Советское ауылында ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлеріне арналған салтанатты іс-шара өтті. Ұйымдастырушылар мерекеге тыңғылықты дайындағаны байқалды. Мәселен, Мәдениет үйінің дәлізінде ауыл шаруашылығы саласына арналған фото көрме ұйымдастырылып, көпшіліктің көңіліне шықты.

Жиналған қауым алдында аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтау сөз сөйлеп, ауыл еңбеккерінің ел үшін маңызды тұлға екенін тілге тиек етті.

Ол өз сөзінде ауылдық округ еңбеккерлерінің аграрлық саланы дамытуға қосып отырған елеулі үлесін атап өтіп, механизаторлар, мал шаруашылығы мамандары, технологтар және басқа да сала қызметкерлерінің еңбегінің маңыздылығына ерекше тоқталды. Олардың күнделікті еңбегі ауданның тұрақты дамуын және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде.

Аудан басшысы ауыл еңбеккерлеріне жауапкершілігі, жоғары кәсібилігі және туған жерге деген адалдығы үшін шынайы алғысын білдірді.

Іс-шара барысында марапаттау рәсімі өтіп, сала үздіктері медальдармен, Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен, сондай-ақ ақшалай сыйақылармен марапатталды. Бұл олардың еңбегіне көрсетілген құрмет пен лайықты бағалаудың белгісі болды.

Мереке аудандық Мәдениет үйінің ұжымы мен округ өнерпаздарының жарқын концерттік бағдарламасымен аяқталып, округ тұрғындарына жылы әрі мерекелік күнделік құй сыйлады.



ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Новаяйбай би ауылдық округінде ауыл еңбеккерлеріне құрмет көрсетуге арналған салтанатты іс-шара өтті.

Жиналған қауымды аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтап, сала үздіктерін марапаттады.

Жермен жұмыс істейтін үздік еңбеккерлерге көпжылғы адал еңбегі үшін медальдар, Құрмет грамоталары және Алғыс хаттары, сондай-ақ ақшалай сыйақылар табыс етілді.

Шарада Сәбит Мұқанов атындағы қазақ музыкалық-драма театры өнерпаздары өнер көрсетіп, ауылдықтарға мерекелік концерт ұсынды.

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

АУДАНЫҢ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР МЕН БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТТЕРІ БЕКІТІЛДІ

Сессия жұмысына аудан әкімі Рахат Смағұлов, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың басшылары, Булаев қаласының әкімі, ал ауылдық округтердің әкімдері онлайн режимде қатысты.

Алғашқы сұрақ бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев сөз алып, 2026-2028 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының, ауылдық округтерінің және Булаев қаласының бюджеттерін бекіту туралы баяндама жасады.

2026-2028 жылдарға арналған аудан бюджетін қарау және бекіту Қазақстан Республикасының Бюджет және Салық кодекстерінде, сондай-ақ «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңда көзделген маңызды және міндетті рәсім болып табылады.

Бұл ауданның орнықты дамуына, әлеуметтік міндеттемелерді қамтамасыз етуге және басым бағдарламаларды іске асыруға бағытталған жергілікті деңгейде тиімді қаржы саясатын қалыптастырудың негізгі көзінші. 2026-2028 жылдарға арналған аудан бюджетінің кіріс бөлігі болжамды макроэкономикалық көрсеткіштерді, Салық кодексінің ережелерін және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып қалыптастырылды.

Есепті кезеңде 2023-2025 жылдардағы салық түсімдері, ағымдағы жылдың орын-

22 желтоқсан күні аудан әкімі аппаратының межіліс залында Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының сегізінші шақырылымдағы отыз төртінші сессиясы өтіп, күн тәртібінде алты сұрақ қаралды.

далуын бағалау, сондай-ақ салалық басқармалар мен бөлімдердің ұсыныстары ескерілді.

2026 жылы аудан бюджетіне түсетін түсімдердің болжамды көлемі 4 820,0 млн. теңгені құрайды, соның ішінде:

- салық түсімдері - 2 643,4 млн. теңге (51,8%);
- салықтық емес түсімдер - 21,9 млн. теңге (0,5%);

- негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 27,1 млн. теңге (0,1%);

- жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттер - 2 127,6 млн. теңге (47,6%).

2027 жылға болжам - 3 873,8 млн. теңге, 2028 жылға - 3 979,1 млн. теңге.

2026 жылға арналған аудандық бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарды қаржыландырудың жалпы көлемі 4 482,0 млн. теңгені құрайды. Бұл қаражат ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының басым міндеттерін іске асыруға бағытталған.

2026 жылы салалар бойынша бюджетті қаржыландыру келесідей бөлінеді:

- Мемлекеттік басқару - 1 709,8 млн. теңге;
- Қорғаныс және төтенше жағдайлар - 30,1 млн. теңге;
- Әлеуметтік көмек - 495,2 млн. теңге;
- Дене шынықтыру және спорт - 264,2 млн.

теңге;

- Мәдениет, тілдерді дамыту, ішкі саясат - 785,0 млн. теңге;
- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық - 518,7 млн. теңге;
- Автожолдарды ұстау және жөндеу - 656,8 млн. теңге;
- Қарызды өтеу - 243,6 млн. теңге;
- Басқа шығыстар - 116,6 млн. теңге.

Осылайша, бюджет шығыстарының құрылымы ауданның барлық негізгі салаларын тұрақты дамытудың басымдығын көрсетеді, - деді Азамат Жаңбырбайұлы.

Екінші сұрақ - 2026 жылы Мағжан Жұмабаев ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдық округтер өкілдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтеріме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсыну туралы да Азамат Қыраубаев ақпарат ұсынып, депутаттардың қойған сұрақтарына жауап берді.

Жер қатынастары бөлімінің басшысы Алмас Сәрсенов үшінші сұрақ - жер салығының мөлшерлемелері туралы баян-

дап, жиын қатысушыларына толыққанды ақпарат ұсынды.

Мәслихат аппаратының басшысы Гүлжан Аюпова аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 10-2 «Учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы, 2026 жылы аудандық мәслихат сессияларының қарауына енгізілетін негізгі мәселелердің тізбесі туралы және Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихаты аппаратының құрылымы, штаттық саны және аудандық мәслихаттың 2026 жылға шығыстарының жалпы сметасы туралы сөз сөйлеп, кейін депутаттар айтылған мәселелер бойынша шешім қабылдады.

Сессия соңында аудан басшысы депутаттарға аудан тұрғындарына арналып, олардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды шешімдер үшін алғысын білдірді.

Құрметті депутаттар және шақырылғандар! Сіздерді шын жүректен келе жатқан Жаңа 2026 жылмен құттықтаймын!

2026 жыл берері мол, қуанышы зор жақсы бетбұрыстар кезеңі болсын. Ел іргесі тыныш, жұртымыз аман, айбырымыз асқақ болсын. Сіздерге мықты денсаулық, барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға табандылық, ер отбасына табыс, құт-бөреке тілеймін, - деді Рахат Смағұлов.

С ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА 30 ЖЫЛ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ – ЗАҢДЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ!»

Тәуелсіздік жылдары ішінде еліміз елеулі нәтижелерге қол жеткізіп, халықаралық қоғамдастықтың мойындауы мен құрметіне ие болды.

Баршамызға мәлім, Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданды, ал биыл оның қабылданғанына 30 жыл толып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына, шынайы теңдікті, ар-ождан бостандығы мен діни сенім еркіндігін нақты қамтамасыз етуге арналған 30-дан астам баптан тұрады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтық қоғам институттарын дамыту арқылы көрініс табатын демократиялық қоғам құндылықтарының жалпыға танылған қағидаттары мен идеялық негіздері қаланып.

Конституция – қоғам мен мемлекеттің Негізгі заңы.

Негізгі Заңның 4 бабының 2 тармағында атап көрсетілгендей, Конституцияның ең жоғары заңдық күші және оның Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылуы – басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы бекітілген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары танылған. Аталған қағида – елдің конституциялық

құрылысының іргелі негіздерінің бірі. «Ең жоғары құндылық» ұғымымен бұдан өзге ешбір конституциялық негіз айқындалмайды.

Бүгінде мемлекеттің барлық күш-жігері Қазақстан халқына лайықты өмір сүру деңгейін қалыптастыруға, еліміздің аумағында адам құқықтарын толыққанды іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Конституцияға сәйкес сот билігіне ерекше рөл жүктеледі. Ол азаматтар мен ұйымдардың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің және республиканың халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді. Сот билігі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасы негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

Сонымен қатар, құқықтық жүйе шеңберіндегі бостандық азаматқа және оның мүмкіндіктеріне деген сенімді, оның пікірін құрметтеуді білдіреді.

Осыған орай, Конституция заңдылықтың кепілі ретінде бізді мемлекет тарапынан көрсетілетін сенім мен құрметке дағдылануға және сонымен бірге заңды құрметтеуге үйретеді.

Қазақстан Республикасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді басты мақсат еткен азаматтық қоғам құру жолымен нық әрі жүйелі түрде алға жылжыда.

Осылайша, құқықтық мемлекет жағдайында соттың рөлі ең алдымен азамат-

тар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуден көрінеді, бұл өз кезегінде әділ сот төрелігін сапалы жүзеге асыру арқылы іске асырылады.

Дәл осы соттар азаматтар өз құқықтары бұзылған жағдайда, әдетте, қорғау іздеп жүретін негізгі инстанцияға айналды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жеңілдетілген сот өндірісін енгізіп, судьялыққа кандидаттарды іріктеу талаптарын күшейтті, Судьялық әдеп кодексі қабылданды.

Әділ, байтарап және сатылмайтын сот – демократиялық әрі құқықтық мемлекеттің ең маңызды негіздерінің бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сот жүйесін жаңғырту мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінде мемлекеттің сот жүйесін жаңғырту жұмыстарын жалғастырып жатқанын атап өтті. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап Астана қаласында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша кассациялық соттар жұмыс істей бастады. Бұл әрбір шағымның қаралуын қамтамасыз ететін толыққанды тұтас кассация жүйесін құруға бағытталған және әрбір азаматтың өз құқықтарын кепілді түрде қорғауына мүмкіндік береді.

Жүргізіліп жатқан реформалар салаға жаңа білікті мамандарды тартуға және әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай шаралар ең алдымен қоғамның соттарға деген сенімін нығайту мақсатында қабылдануда. Өз кезегінде соттар мен сот рәсімдері Қазақстан Республикасы-



ның Конституциясы мен заңдарына сәйкес азаматтардың, бизнестің және инвесторлардың құқықтарын қорғап, заманауи талаптарға жауап беруі қажет. Президенттің айтуынша, ендігі міндет – осы жаңа нормалардың нақты іске асырылуын қамтамасыз ету және соттар қызметіндегі бюрократияны түбегейлі жою.

Дамир ШАМУРАТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласының өкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының
төрағасы.

С ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ: НЕҢІ БІЛУ МАҢЫЗДЫ!



Салық есептілігін ұсыну бойынша

Осы бағыттағы жаңалықтардың бірі бюрократиялық процестерді оңтайландыру болып табылады, оның шеңберінде кезделген, егер салық төлеуші салық есептілігін ұсынбаса, онда жүйе оны ұсынудың белгіленген мерзімі өткеннен кейін салық төлеуге есептелетін нөлге тең сомамен есептілікті автоматты түрде қалыптастырады.

Осы норманы енгізу салық есептілігін ұсынбағаны үшін хабарламаларды, банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата туру туралы өкімдерді ұсынбауға, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 272-бабы шеңберінде әкімшілік жауаптылыққа тартуға, яғни бизнес үшін жазалау шараларын азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік кірістер органдары тарапынан айналымдар анықталған кезде әкімшілік жауапкершілік нормалары қолданылады, салық төлеуші

қосымша салық есептілігін ұсыну жолымен мәлімделмеген кірістерді дербес анықтаған кезде шаралар қолданылмайды.

Бұл ретте, осы есептілікті автоматты түрде қалыптастыру салық төлеушінің жеке кабинетіндегі (СЭИЖ СТК) деректерінде ұсынылуға жататын салық есептілігінің нысандары алдын ала көрсетілген жағдайда ғана жүзеге асырылатын болады.

Егер құжаттамадағы нысандар анықталмаса - жүйе салық төлеуші үшін есептілікті қалыптастыра алмайды.

Осыған байланысты, салық төлеушілер салық есептіліктерінің дұрыс автоматты түрде жасалуын қамтамасыз ету үшін өз файлдарындағы ақпаратты алдын ала жаңартуы керек.

Салық есептілігін кері қайтарып алу
Қателерді азайту және салық есептілігінің дұрыс емес болуына жол бермеу мақсатында салық төлеушілерге «Салық есептілігін қайтарып алу» қызметін жою туралы ережелер енгізілгенін хабарлаймыз.

Бұл ретте, СЕН ұсынылғаннан кейін өзгерістер енгізу тек қосымша салық есептілігін беру жолымен ғана мүмкін болатынына назар аударған жөн.

Осылайша, салық төлеушілер декларацияларды толтыруға және тапсыруға алдын-ала және жауапкершілікпен қарауы керек, оларды жібермес бұрын мәліметтердің дұрыстығын мұқият тексеруі керек.

Салықтық өкімшілендірудің жаңа

ақпараттық жүйесінде (СЭИЖ) салық есептілігінің негізгі нысандарын ұсыну кезінде салық органының кодын таңдау кезінде салық төлеушілердің қателіктерін болдырмау мақсатында салық төлеушінің тіркеу есебін орыны бойынша салық органының кодын автоматты түрде анықтау және тарту функционалды мүмкіндігі іске асырылғанын қосымша атап өтеміз.

Бұрын салық органының кодын дұрыс таңдамаған кезде салық төлеуші салық есептілігін кері қайтарып алу функциясын пайдаланғанын ескере отырып, аталған шара есептілікті толтырудың дұрыстығын арттыруға және салық органын таңдау кезінде қателер санын азайтуға бағытталған.

Сонымен бірге ікемділікті қамтамасыз ету үшін салық төлеушінің қажет болған жағдайда салық органының кодын дербес редакциялау мүмкіндігі көзделген.

Салық есептілігін ұсынуды ұзарту
Салық есептілігін тапсыру мерзімдерін бұзудың алдын алу және салық төртбін жақсарту мақсатында салық декларацияларын тапсыру мерзімін ұзарту туралы ереже алынып тасталғанын хабарлаймыз.

Бұл СЕН беру мерзімі кейінге қалдыру енді заңнамда кезделмегенін білдіреді. Осыған байланысты салық төлеушілерге қатаң кеңес беріңіз.

салық есептілігін дайындауды алдын ала жоспарлау және декларацияларды белгіленген мерзімде уақтылы жіберу.

Бұйрық бойынша
ҚР Қаржы министрі 12.11.2025 ж. №

695 «Есептілікті жасау бойынша түсінік берілген салықтық есептіліктің нысандарын және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрық бекітілген.

Көрсетілген бұйрықта:
- салық есептілігінің нысандары және оларды жасау бойынша түсініктемелер;
- салық есептілікті нысандарын ұсыну ережесі;

- «Салық есептілікті қабылдау», «Салықтық есептілікті ұсынуын тоқтата тұру, қайта бастау» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары.

Салық есептілікті кері қайтарып алуды, сондай-ақ оны ұсыну мерзімдерін ұзартуды кездейпін нормалар 01.01.2026 жылдан бастап күшіне енетінін және оның ішінде көрсетілген күнге дейін туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатынын қосымша хабарлаймыз.

Қызығушылық танытқан сұрақтар бойынша келесі мекенжай бойынша хабарласыңыз: Бұлаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31. Анықтамалар бойынша телефон: 8 (71531) 20772, 8 (71531) 20771, 8 (71531) 20719. Өзгерістерді Мағжан Жұмабаев атындағы аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде бақылай аласыз.

Ирина ГРАФЕЕВА,
Мағжан Жұмабаев атындағы аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.

С АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ЕLICENSE.KZ ПОРТАЛЫНДАҒЫ SMS-ХАБАРЛАМАЛАР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА РҰҚСАТ ҚҰЖАТТАРЫ МЕН ЛИЦЕНЗИЯЛАРДЫ УАҚЫТЫНДА ҰЗАРТУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Бұрын пайдаланушылар рұқсат құжаттары мен лицензиялардың мерзімін өздері бақылауы тиіс болатын. Жаңа хабарландыру қызметі мемлекеттік электрондық қызметтерді пайдалану тиімділігін арттырып, пайдаланушыға құжаттарды уақытында ұзарту үшін алдын ала әрекет жасауға мүмкіндік береді.

SMS-хабарламаларды автоматты түрде жіберу функциясы тек мерзімі белгіленген рұқсат құжаттары мен лицензияларға қатысты қызметтер үшін іске асырылған. Хабарламалар электрондық үкіметтің SMS-шлюзі арқылы 1414 қысқа нөмірінен жіберіледі.

Хабарлама мысалы: «Құрметті пайдаланушы, Сіздің рұқсатыңыздың (рұқсат немесе лицензияның бірегей нөмірі) қолданылу мерзімі 30 күннен кейін аяқталады. Толық ақпарат алу үшін жеке кабинетке кіріңіз».

еLicense.kz порталында пайдаланушыларға рұқсат құжаттары мен лицензиялардың мерзімі аяқталатын туралы хабарлау функциясы енгізілді. Енді жүйе құжат мерзімі бітуге 30 күн қалғанда автоматты түрде SMS-хабарламалар жібереді. Бұл пайдаланушыларға алдын ала дайындалып, өз қызметінде кідірістердің алдын алуға мүмкіндік береді.

МАҢЫЗДЫ! Пайдаланушылардың назарына: SMS-хабарламалар еLicense.kz порталының ресми хабарландыруы болып табылады.

Хабарлама пайдаланушының өтініш берген кезде көрсеткен телефон нөміріне жіберіледі. Сонымен қатар, нөмірдің дұрыстығы алдын ала Мобильді азаматтар базасымен (МАБ) сәйкестендіру сервисі арқылы тексеріледі. Осылайша, пайдаланушылар еLicense.kz порталында рұқсат құжаттары мен лицензияларын уақытында жаңарту алады.

SMS-хабарламалармен қатар, порталдағы

кейбір мемлекеттік қызметтерде рұқсат құжаттарын проактивті түрде қайта рәсімдеу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл процесс автоматты түрде жүзеге асады, мемлекеттік органдардың қатысуын немесе қосымша әрекеттерді қажет етпейді. Проактивті қайта рәсімдеу лицензия иесінің негізгі деректерін, мысалы, аты-жөні немесе ұйым атауы өзгерген жағдайда қолданылады. Мұндай қызметтерге мыналар жатады:
- Пестицидтердің мемлекеттік тіркеуі;
- Шығу тегінің, эпиталық тұқымдардың, бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымдарының, сондай-ақ тұқым сатушы-

лардың аттестациясы;
- II категориялы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат беру;

- I категориялы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат беру;

- Бағдарламалық қамтамасыз ету мен электрондық өнеркәсіп өнімдерін сенімді бағдарламалар мен өнімдер тізіліміне қосу немесе шығару.

Жаңа функционал Қазақстан Республикасы Ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Анар МАҒЗҰМОВА,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАСЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ДАМУДЫҢ ЖӘНЕ ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ КЕПІЛІ!



18 желтоқсан күні Возвышенка ауылдық округінде жастар мен ауыл тұрғындары арасында құқықтық мәдениетті арттыруға және заңға құрметпен қарауды



қалыптастыруға бағытталған «Заң және тәртіп» профилактикалық-ағарту іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты - құқықтық



тәртіп негіздерін түсіндіру, құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтық жауапкершілік пен құқықтық сананы қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік

органдардың халықпен өзара іс-қимылын нығайту.

Іс-шараға аудан прокурорының орынбасары Асылбек Қоңыратов, аудан өкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов, аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Жалғасбек Мұқашев, төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері қатысты.

Шақырылған қонақтар заңның қоғамдағы рөлі, құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы мазмұнды түсініктемелер берді. Сондай-ақ жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Іс-шараға қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, білікті жауаптар алды.

«Заң және әділеттілік өлемінде» тақырыптық кітап көрме, құқықбұзушылықтар мен өрт қауіпсіздігі туралы таратылған жадынамалар мен көрсетілген бейнероликтер көздерінің маңыздылығын көрсетті.

Іс-шара аясында ауыл еріктілерін салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Аудан өкімінің орынбасары атынан еріктілерге белсенді азаматтық ұстанымы, қоғамдық өмірге қатысқаны және ауылдың дамуына қосқан үлесі үшін Алғыс хаттар табыс етілді.

Іс-шара ашық диалог атмосферасында өтіп, барлық қатысушылар үшін пайдалы және маңызды ақпарат ұсынылып, қоғам өміріндегі заң мен әділеттіліктің маңыздылығы атап өтілді.

Жастар ресурстық орталығы.



«АДАЛ АЗАМАТ - БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»

Қазіргі қоғамда білім беру үдерісі тек оқу мазмұнымен шектелмейді. Баланың тұлға ретінде қалыптасуында тәрбиенің орны ерекше. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі бүгінгі білім беру жүйесінің басты қағидатына айналуы тиіс. Осы ұстанымды негізге ала отырып, мектебімізде «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүйелі әрі кешенді жұмыс жүргізілуде.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ана тілін қадірлейтін, елің сүйетін, жауапкершілігі жоғары, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу. Бұл міндетті жүзеге асыруда мектептің барлық педагогикалық ұжымы бір мақсатқа жұмылып, оқу мен тәрбиені өзара тығыз байланыста жүргізіп келеді.

«Адал азамат» – бұл тек тәрбие жоспары емес, мектептегі бүкіл тәрбиелік жүйені бір арнаға тоғыстырған ауқымды жоба. Жоба аясында халық даналығы – мақал-мәтелдер мен дәйексөздер күнделікті оқу үдерісіне енгізіле, ертегілер өлемі сахналық қойылымдар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға жол ашады. Ал ата-бабадан мирас болған көркем сөйлеу мен сөз саптау дәстүрі бүгінгі күні дебат қозғалысы арқылы жаңаша сипат алып отыр.

Оқу пәндерінің мазмұны да тәрбиелік бағытпен ұштасады. Мәселен, қазақ тілі сабақтарында оқушылар тек тілдік білім алып қана қоймай, адами құндылықтарды меңгереді: география пәнінде – табиғатқа жанашырлық, тарихта – елжандылық пен отансүйіштік қалыптасады. Осылайша әрбір пән баланың тұлғалық дамуына үлес қосады.

Тәрбиелік құндылықтар ай сайын пән мазмұнымен өзара сабақтастықта жүзеге асырылады. Қыркүйек айы – еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікке, қазан – тәуелсіздік пен отаншылдыққа, қараша – әділдік пен жауапкершілікке, желтоқсан – бірлік пен ынтымаққа, ал қаңтар айы – заң мен тәртіпке арналады. Мұның барлығы біртұтас жүйе арқылы жүзеге асырылып, нақты нәтижелерге жетелейді.

Бағдарлама күнделікті, апталық және жылдық жұмыстар арқылы іске асады. Күнделікті тәрбие бағытында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Күй күмбірі», үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, 20 минуттық оқу, ата-аналармен «Өнегелі 15 минут» жобалары жүзеге асырылады. Апталық жұмыстарда қауіпсіздік сабақтары, салауатты өмір салтын насихаттау, кибермәдениет, буллингтің алдын алу, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау, аптаның дәйексіз, ұлттық киім күні, озат сыныптарды анықтау сияқты шаралар тұрақты түрде өткізіледі.

Сонымен қатар, бағдарлама аясында оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған ішкі жобалар енгізілген.

ТӘРБИЕ - БОЛАШАҚТЫҢ ТІРЕГІ: БІРТҰТАС ҰЖЫМ, БІР МАҚСАТ



«Қамқор» жобасы – мейірімділік пен қоғамға қызмет етуге баулыса, «Шабьт» – өнер мен шығармашылықты дамытады. «Еңбегі адал – жас өрен» еңбекке құрмет пен кәсіби бағдар беруге бағытталса, «Ұшқыр ой алаңы» пікірталас мәдениетін қалыптастырады. Ал «Smart Bala» жобасы STEM, инновация және жасанды интеллект бағытында оқушылардың зияткерлік өлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. «Балалар кітапханасы» жобасы арқылы оқу мәдениеті нығаяды.

Оқушылардың қауіпсіздігі де басты назарда. Қауіпсіз әрі қолайлы орта – баланың еркін дамуы мен табысты жетістігінің көпірі.

Атақты жерлесіміз, ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты – Мен жастарға сенемін», - деген өлең жолдары бүгінгі ұрпақтың жетістіктері арқылы өз дәлелін тауып отыр. Ұжымның бірлескен еңбегінің нәтижесінде оқушылар да, мұғалімдер де көптеген жетістіктерге жетіп, ел болашағына сеніммен қадам басуда.

Жанар БУХАРБАЕВА, директордың тәрбие іс жөніндегі орынбасары, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫ, КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

ЖАРЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, ШАҒҒЫ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ



19 желтоқсан күні Булаев қаласының ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері қызметкерлерінің арасында өтетін жыл сайынғы қысқы спорттық спартакиада марафоны басталды.

Булаев қаласының солтүстігінде жасалған шаңғы трассасында сығға түскен қызметкерлер қысқы шаңғы маусымының ашып, үздіктерді анықтады.

Жарыс екі кезеңде өтті: алдымен аудан мектептерінің оқушылары сайысқа түссе, кейін ересек тұрғындар бақ сынасты. Жалпы жарысқа шамамен 130 адам қатысып, бұл шаңғы спортына және салауатты өмір салтына деген үлкен қызығушылықты паш етті.

Шаңғы жарысында әйелдер 1 шақырым қашықтыққа жүгірсе, ерлер 2 шақырымды өңсерді.

Осылайша, әйелдер арасында Гүлдана Құсайынова (Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі)

жарыс жеңімпазы атанды. Татьяна Конюхова (аудандық аурухана) күміс медальды ұтып алса, Валентина Фадеева (Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия) қол медальды місе тұтты.

Ерлер арасында Виталий Заводчиков жеңіске жетсе, Сайран Сүлейменов (екеуі де - №2 Булаев жалпы білім беретін мектебі) 2-ші орынды иеленді, ал Евгений Блажко (Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешені) 3-ші орыннан көрінді.

Дел осы күні Булаев қаласының мекемелері, кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы спартакиаданың қорытындысы шығарылып, командалық есепте жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Атап айқанда, Мағжан Жұмабаев

ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі мен құрылыс бөлімінің бірлескен командасы спартакиада жеңімпазы атанды. Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің ұжымы жүлделі 2-ші орынды жеңіп алды, ал Мағжан Жұмабаев ауданының денешынықтыру және спорт бөлімі мен БЖСМ бірлескен командасы үздік үштікті қорытындылады.

Барлық жарыс түрлері достық өрі спорттық атмосферада өтіп, қатысушылар мен көрермендерге сергектік, қуат және көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Барлық жеңімпаздарды, жүлдегерлер мен қатысушыларды шаңғы маусымының сәтті ашылуымен құттықтап, алдағы уақытта жаңа спорттық жетістіктер тілейміз!

Қанат МҮСАТАЕВ, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

ӘЙГІЛІ ЧЕМПИОНДАР АУЫЛДАН ШЫҒАДЫ

Турнирге ауданның Қызыл-Қазақстан ОМ, Полтавка ОМ, Қарақоға ОМ, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы, Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешені, Мағжан Жұмабаев атындағы ОМ, Медвежка ОМ, Октябрь ОМ және Еңбекші-қазақ ОМ барлығы 9 білім ордасынан 82 спортшы қатысты.

Турнир Құралай ауылы үшін маңызды спорттық оқиға айналып, жастардың қазақ күресіне деген қызығушылығын нығайтуға мүмкіндік берді. Құралай ауылында ұлттық спорттық - қазақ күресін аудан деңгейінде өткізуге Құралай ауылының тумасы Қанат Амантайұлы Демісінов себепші болды. Мәселен, Қанат Амантайұлы туған ауылындағы балаларға арнап күрес кілемін сатып алып, ауылдастарының алғысына бөленді. Бұл игі іс ауыл мектебі жанында қазақ күресі бойынша спорт үйірмесінің ашылуына септігін тигізді.

Сондай-ақ облыстық қазақ күрес федерациясының төрағасы Алтынбек Сейіліұлы Сапаровқа жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау үшін кубоктар мен медальдарды ұсынғаны үшін үлкен рахмет айтамыз.

Бұл күні барлық қатысушы жасөспірімдер боз кілемде қызықты өрі тартысқа толы белдесулер өткізіп, ауыл көрермендерін қазақ күресіне сүйсіндіріп, өзара мықтыларды анықтады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Ұлттық спорттық насихаттау дамытуға арналған осындай турнирлер көп болып, аудан аумағында қазақ күресі жасай берсін!

Амангелді БӘКІРОВ, қазақ күресі бойынша жаттықтырушы-оқытушы.

18 желтоқсан күні «Әйгілі чемпиондар ауылдан шығады» - деген ұранмен Құралай ауылында қазақ күресінен аудандық турнир болып өтті. Алдымен аталмыш жарысты бір ауылдан қалға алып, талаша ұйымдастырған Лебяжье ауылының округінің әкімі Шырай Омареваға үлкен алғысымызды білдіреміз. Жарыс спорттық және достық ынтымақтастықта өтіп, ұлттық спорт түрін насихаттауға бағытталды.



ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІНДЕГІ ӨРТ ҚАУПСІЗДІГІ



Жаңа жылдық мерекені атап өту барысында екіншіге орай, кейбір мереке жүргізушілері мен жауапты тұлғалар өрт қауіпсіздігі ережелерін есте сақтап жүрмейді. Жаңа жыл шыршасы мерекесін жүргізуде және оны құруда, өрт қауіпсіздік талаптарының сақталуы өте қажет.

Шырша берік және мықты орнатылуы керек. Шыршаны әрлі-берлі өтетін жерде немесе шыға берісте орнатпау керек. Қабырғамен шыршаның және төбе мен шыршаның арасы жарық метр болуы қажет. Мекеменің баспадақ торларынан немесе сыртқы шыға берістен, екі эвакуациялық шығу жолдары болуы тиіс, сонымен бірге өрте қарсы құралдармен қамтамасыз етулі қажет. Шыршаны безендіру барысында, тез жанатын целлу-

оданы, мақтаны, қағаздарды және тағы да басқа тез жанатын заттарды қолдануға тыйым салынады. Шыршаның иллюминациясын рәсімдеуді өте төжірибелі электромонтер орнату керек. Шыршаның иллюминациясының түсіруші трансформатор арқылы жоғары кернеулі тоқтың төмендеу жағымен 24 В-тан жоғары орнатылмауы қажет.

Шырша – электр құрылу орнатуының ережесіне сай, мықты монтаждалып құрылуы тиіс. Бенгалдық оттармен, пиротехникалық оттармен, шартылдақ және басқада химиялық заттармен жарық әсер туғызуға тыйым салынады. Мерекеге қатысып отырған көпшіліктің бір адамына 0,75 шаршы метр есептеледі. Адамдардың саны ережеге сай болуы керек, өйткені адамның көп болуы өте қауіпті. Мерекелік шыршаны өткізу персоналы (олар жаңа жыл мерекесін өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын біліп және өрт оқиғасы болып қалған жағдайда өрт күзетін шақыру ережесін білулері қажет) міндетті түрде өрте қарсы нұсқаулықпен танысуы қажет. Мереке аяқталғаннан кейін міндетті түрде бөлмені тексеру керек.

Жаңа жылдың бенгал алауы мен әр түрлі мерекелік оташуларсыз өтпейтіні белгілі. Жаңа жылды тойлау қарсаңында әр түрлі өрт шығу қаупі бар пиротехникалық құралдар қолданылады, олардың салдарынан өрттің шығуы,

адамдардың жарақат алуы және мәртүгі өбден мүмкін.

Мұндай заттарды сатып алғанда бірнеше қағидады естеріңізде ұстаған жөн.

Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдалануға арналған, сондықтан келесі ережелерді сақтау қажет:

- отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз, мұның кең ашық алаң болғаны дұрыс – мысалы, ағаштар мен құрылысы жоқ аула, бақ немесе алаң.

- таңдап алынған жерді мұқият қарап шығу керек, жанында өрт шығу қаупі бар объектілер, автомашина тұрақтары, ағаш қоралар немесе гараждар 100 метр радиуста болуы тиіс.

- отшашу кезінде айналасында тұскен жапырақтар мен қылқандар, құраған шөп болмауы қажет, өйткені бұлар кенет ұшқын түскен болса, өртенуі мүмкін.

- өткір жел болған кезде желге қатысты қауіпті аймақтың көлемін 3-4 есеге ұлғайту қажет.

- көрермендердің қайда болатын алдын ала ойластырыңыздар. Оларға жақсы көрінуі және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, бұл үшін оларды жел соқпайтын жақтан оташу алаңынан 35-50 метр қашықтықта оларға жел арқылы түтін мен бұйымдардың жанбаған бөліктері ұшпайтындай етіп орналастыру қажет.

- егер сіздің аулаңыз шағын әрі тар бола-

тын болса, онда петарда, шартылдақ, шығыр сияқты жерге жағылатын түрлерін ғана пайдалану қажет, мұндай жерде жоғары қарай ұшатын отшашу түрлерін тіпті қолдануға болмайды.

Оларды тұрғын үйлер мен құрылыстардың қасында мүлде пайдалануға болмайды: олар терезеге немесе желдеткішке түсіп, шатырға өтіп, өрттің себебіне айналуы мүмкін. Ең дұрысы, үйден тыс жерге барып пайдаланған жөн.

Сондай-ақ пиротехникалық құралдар туралы арнайы біршама түсіндіру жасау керек. Шартылдақтар мен петардалардың міндетті түрде сертификаты болуы керек. Сапасыз сатылған тауарлар тек сатып алушыларға ғана емес, сонымен қатар, сатушыларға да қауіпті әсерін тигізеді. Түркістан қаласының дүкендерінде сапасыз сатылған тауарлардан өрт оқиғалары болған. Алдағы уақытта адамдарға қауіп төнер жағдай туғызуға үшін және қауіпті оқиғаларды болдырмау үшін полиция қызметкерлерімен бірге сапасыз тауарларды сату орындарында рейд жұмыстарын жүргізеді. Сапасыз тауарлардан сақтану кінәлі тұлғалар айыппұл түрімен өкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Өрт шыққан жағдайда 101 немесе 112 телефондарына қоңырау шалыңыздар.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ПИРОТЕХНИКА - ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС!

Отшашулар, отшашулар-бұл жаңа жылдық мерекелердің безендірілуі, бірақ, екіншіге орай, ең қауіпсіз емес. Сапасыз пиротехникалық өнімдерді қолданудың салдары кейде өте қайғылы. Күйіктер мен түрлі жарақаттардан өрттер мен өлімге дейін.

Пиротехникалық өнімдердің асортименті әсерлі. Олар сондай-ақ шапалақшылар, отшашулар, ұшқындар, отшашулар, зымырандар (ұшатын, жер үсті, кішкентай, үлкен, тұрмыстық, техникалық мақсаттағы). Сондықтан, жаңа жыл қарсаңында осындай өнімді сатып алғанда, өзіңізді және жақындарыңызды қайғылы салдардан қорғауға көмектесетін Кеден одағының 006/2011 «Пиротехникалық бұйымдар» Техникалық регламентінде белгіленген ережелерді есте сақтау және сақтау қажет.

Мереке қарсаңында пиротехникалық өнімдерді сату нүктелерінің саны артады.

Сапасыз немесе ақаулы өнімді сатып алмау үшін пиротехникалық өнімді консультанттар мен барлық қажетті құжаттар бар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтайтын мамандандырылған бөлімдер мен дүкендерден ғана сатып алған жөн. Консультант өнімнің әрбір түрі туралы өңімелейді, таңдауға көмектеседі, қолдану ережелерін, дайындаудың, іске қосудың, тұрмыстық сақтаудың қауіпсіз тәсілдерін, жоспарланбаған жағдайларда, оның ішінде өрт кезінде іс-қимылдарды түсіндіреді, осы пиротехникалық бұйымның қауіптілігі туралы ескертеді.

«Көшеде, қолдан» ақша үнемдеуге және сатып алуға тырысу орыныс үмітгер және бүлінген мерекеге толқ. Мәселе мынада, пиротехниканы сақтауға ерекше талаптар қойылады, егер отшашулар немесе отшашулар дұрыс сақталмаса, бұл мерзімнен бұрын детонацияға әкелуі мүмкін. Сатып алу кезінде сіз өнімнің сыртқы түріне және дизайнына назар аударуыңыз керек. Деформацияланған немесе қаптамасы бұзылған бұйымдарды сатып алуға болмайды.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дүкендерінің сауда үй-жайларында тұрмыстық мақсаттағы пиротехникалық бұйымдарды сатуға тек мамандандырылған секцияларда сатушы-консультанттар жүргізеді, сатып алушылардың тұрмыстық мақсаттағы пиротехникалық бұйымдарға тікелей қол жеткізуіне жол берілмейді.

Халыққа сатуға арналған барлық пиротехникалық бұйымдар міндетті сертификаттауға жатады, яғни әрбір бұйымда ЕАЭО нарығында бірыңғай айналым белгісі болуға тиіс. Сондықтан, пиротехни-



каны сатып алғанда, сатушының белгілі бір өнімге сәйкестік сертификаты бар екеніне көз жеткізу керек. Қаптаманың тұтастығына, жарамдылық мерзіміне, таңбалаудың болуына және пайдалану нұсқауларына назар аударыңыз.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 415 бабына сәйкес – «Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасын бұзу», сәйкестік сертификаттарының өнімді өткізгені үшін жеке тұлғаларға - 90 АЕК (353 880 теңге), лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ЕАЭО мөлшерінде айыппұл көзделген (766 740 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 310 АЕК (1 218 920 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 600 АЕК (2 359 200 теңге) мөлшерінде.

Мерекелерді жағымыс оқиғаман ластамау үшін пиротехникалық бұйымдарды сатып алу және өңдеу кезінде қарапайым сақтық шараларын сақтау маңызды.

Толығырақ ақпаратты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мына мекенжай бойынша білуге болады: Петропавл қ., Ульянов көшесі 56, тел/факс 8(715 2) 52-74-97, эл. пошта: gosnadzor-sko@mail.ru, gosnadzor_sko@mail.kz.

Екатерина ПАРШИНА,

ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

МАМАН КЕҢЕСІ

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТӘТТІ СЫЙЛЫҚТАРДЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?



Жаңа жылдық мерекелер қарсаңында балалардың жаңа жылдық кондитерлік сыйлықтарын таңдауға мұқият қарауларыңызды сұраймыз.

Жаңа жылдық сыйлықтар мен басқа да кондитерлік өнімдерді азық-түлік өнімдерін қабылдау, сақтау және сату үшін қажетті жағдайлары бар, сондай-ақ сауда қызметкерлері үшін жеке гигиенаны сақтау үшін жағдайлары бар сауда орталықтары мен дүкендерден сатып алуды ұсынамыз.

Жаңа жылдық сыйлықтың қаптамасы ауа өткізбейтін және таза болуы керек. Жаңа жылдық сыйлық белгісі анық, түсінікті және сенімді болуы керек. Таңбалау әдісі оның бүкіл жарамдылық мерзімі ішінде сақталуын қамтамасыз етуі керек.

Жаңа жылдық мерекелер жақындаған сайын, балалардың жаңа жылдық кондитерлік сыйлықтарын таңдауға назар аударыңыз. Жаңа жылдық сыйлықтарды және басқа да кондитерлік өнімдерді азық-түлік өнімдерін қабылдау, сақтау және өткізу үшін қажетті жағдайлармен және сатушылардың жеке гигиенасын сақтау жағдайларымен жабдықталған сауда орталықтары мен дүкендерден сатып алуды ұсынамыз.

Сонымен қатар, жаңа жылдық сыйлықтың таңбалауында (жапсырмасында) міндетті түрде сыйлықтың атауы, сыйлыққа кіретін кондитерлік өнімдердің атауы, орау мерзімі, тұтастай алғанда бүкіл қаптаманың жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары, мекенжайы (орналасқан жері), өндірушінің фирмалық атауы, ЭАК белгісі болуы керек.

Қаптама күні бар сыйлықты мүмкіндігінше сатып алу күніне жақын таңдау керек, содан кейін көмпиттер, вафлилер және печеньелер балғын болады.

Жиынтықта дәм күшейткіштер, консерванттар (E200, E202, E210, E249), синтетикалық бояулар, гидрленген майлар мен майлар немесе табиғи кофе болмауы керек.

Құрамында абрикос дәндері мен жержаңғағы бар сыйлықтардан бас тартқан жөн, өйткені бұл балаларға ұсынылмайды. Сондай-ақ құрамында спирт бар (0,5%-дан астам этанол) карамельдер, лопиполтар және көмпиттер бар жиынтықтарды сатып алмау ұсынылады.

Сыйлықтың ішінде ойыншық болуы мүмкін, оны белек орау керек. Тұтынушы сатушыдан сатып алынған жаңа жылдық сыйлық пен қаптаманың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды (сәйкестік туралы декларация) талап етуге құқылы.

Күлсара ӘЛЖАНОВА,

Мағжан Жұмабаев ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ЖАРЫЛҒЫШҚА ҰҚСАС ЗАТ ТАУЫП АЛҒАН ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАДЫНАМА

Табылған заттардың жарылу қаупін куәландыратын, белгілері:

- 1) келік маңында, баспалдақта, пәтерде және т.б. орындада белгісіз түйіншектің немесе басқада бір заттардың болуы;
- 2) тартылған сым, бау; машинаның астында салбырап тұрған қорғандыру көздері және оқшауланған лента, сымдар;
- 3) бөтен сумка, портфель, қорап, басқада заттың; кіреберісте, пәтер есігінің, көліктің маңында өзгеше орналасуы;
- 4) табылған күдікті заттан шудың шығуы (сағат механизміне, жиілігі төмен дыбысқа тән).

Біліңіздер: заттардың сыртқы көрінісі оның арасында неге арналғанын жасыруы мүмкін. Жарылғыш заттар үшін камуфляж есебінде әдеттегі тұрмыстық заттар қолданылады: сумка, пакет, түйіншек, қорап, ойыншық және т.б.

Егер де сіз күдік тудыратын зат тауып алсаңыз, ол фактіні назардан тыс қалдырмаңыз:

- 1) **қоғамдық көлікте:**
 - заттың (сөмкенің және т.б.) кімдікі екенін немесе кім қалдырып кетуі мүмкін екенін қасыңыздағы адамдардан сұраңыз;
 - егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу жүргізушіге немесе кондукторға хабарлаңыз;
- 2) **үйіңіздің кіре берісінде:**
 - көршілерден сұраңыз, мүмкін ол зат соларға тиесілі шығар. Егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз (тел. 102, 112).
- 3) **көшеде, саябақта және т. б.:**
 - айналаңызға қараңыз, егер мүмкіндік болса, заттың иесін анықтауға тырысыңыз. Егер ол анықталмаса, құқық қорғау орган-

дарына шұғыл хабарлаңыз (тел.102, 112);

- затты бөгде адамдардан оқшаулауға немесе алыс арадан затқа бөтендерді жібермеуге тырысыңыз. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген бойда зат табылған уақыт туралы ақпарат беріңіз.

- 4) **мекемелерде, үйімдарда:**
 - тауып алған зат туралы объекті күзетшісіне немесе өкімшілігіне дереу хабарлаңыз.

Табылған затпен немесе күдік тудыратын заттармен жеке іс-қимыл жасауға тырыспаңыз, олар жарылғыш құрылғылар болуы мүмкін, бұл жарылысқа, көптеген құрбандыққа, қирауға әкелуі мүмкін.

Үзілді-кесілді тыйым салынады:

- табылған затты ұстауға, ашуға және орынан қозғауға, бір жерден екінші жерге апаруға, қолға алуға;

- табылған затты қалтаға, портфельге, сөмкеге салуға және т.б.;

- жерге көмуге немесе оларды су қоймаларына тастауға;

- заттардан шығып тұрған сым темірлерді немесе сымдарды үзіп тастауға немесе тартуға, оларды залалсыздандыруға тырысуға;

- табылған заңсыз затты пайдалануға;
- оған жақын аралықта радио- және электрлі - аппараттарын, ұялы телефондарды пайдалануға;

- тауып алған немесе күдікті заттарға байланысты өздігіңізден әрекет етпеңіз, себебі ол жарылысқа, көптеген адам өліміне және ғимараттардың бұзылуына себеп болатын жарылғыш зат болуы мүмкін.



Дүйсенбі, 29 желтоқсан	Сейсенбі, 30 желтоқсан	Сәрсенбі, 31 желтоқсан	Бейсенбі, 1 қаңтар	Жұма, 2 қаңтар	Сенбі, 3 қаңтар	Жексенбі, 4 қаңтар
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНУРАН. 05.35 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!» 06.30 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС» 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.45 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» 13.10, 03.00 «АЙТА» 14.00, 03.50 «БЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ БОЛСЫН!» 14.30 М/Ф «РАПУНЦЕЛЬ» 16.00, 00.10 Т/Х «КУЙЕУ БАЛА» 17.20, 01.00 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 22.20, 02.15 «АШЫҚ АЛАҢ» 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.35 М/Ф. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.40 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10, 02.10 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!» 14.30 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ». 16.00, 00.10 Т/Х «КУЙЕУ БАЛА» 17.20, 01.00 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 22.20 1001 ТҮН. 03.40 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 13.30, 21.00, 00.00 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!» 06.30 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС» 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.05 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ» 14.25 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ- 2» 15.55 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА», Х/Ф. 17.40 «БНИК СЕЗІМ», Х/Ф. 19.10 Т/Х «ЖАҢА ЖЫЛ» 23.50 ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҚУТТЫҚТАУЫ	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 01.10 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!» 06.40 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС» 07.10 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ 2» 08.40 Т/Х «ЖАҢА ЖЫЛ» 10.30 «БНИК СЕЗІМ», Х/Ф. 11.55 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА», Х/Ф. 13.40 М/Ф «МОАНА» 15.15 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА 2», Х/Ф. 17.30 «БАЙДЫҢ БАЛАСЫ», Х/Ф. 19.10 Т/Х «ЖАҢА ЖЫЛ» 21.00 КОНЦЕРТ. 23.30 «ТАҚИЯЛЫ ПЕРИШТЕ», Х/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 01.40 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ» 06.25 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС» 06.55 М/Ф «МОАНА» 08.30 Т/Х «ЖАҢА ЖЫЛ» 10.20 «БАЙДЫҢ БАЛАСЫ», Х/Ф. 12.00 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА 2», Х/Ф. 14.10 М/Ф «МҮЗ ДӘУІРІ 4: ҚҰРЛЫҚТАРДЫҢ ЖЫЛЖУЫ» 15.30 «УНАЙДЫ МАҒАН» 17.20 «ЖҰМБАҚ ҚЫЗ», Х/Ф. 19.00 «ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚША БИЗНЕС», Х/Ф. 21.00 М/Ф «АВАТАР» 00.00 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА 3», Х/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 16.00, 23.55 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ» 06.30 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС» 07.40 М/Ф «МҮЗ ДӘУІРІ 4: ҚҰРЛЫҚТАРДЫҢ ЖЫЛЖУЫ» 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.00 «ЖҰМБАҚ ҚЫЗ», Х/Ф. 11.40 «ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚША БИЗНЕС», Х/Ф. 13.40 Ш. ҚАЛДАЯҚОВТЫҢ ӨНДІРІНЕН КОНЦЕРТ. 14.30 М/Ф «МҮЗ ДӘУІРІ 5: ҚАҚТЫҒЫС БАҒЫТЫ» 17.10 «АВИК ЛЕКСЕН. LIVE КОНЦЕРТ» 18.50 «КӨРШІЛЕР», Х/Ф. 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 21.25 «STRANGER».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 23.55 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ» 06.30 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС» 07.40 М/Ф «МҮЗ ДӘУІРІ 5: ҚАҚТЫҒЫС БАҒЫТЫ» 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.00 «КӨРШІЛЕР», Х/Ф. 11.50 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ» 14.30 М/Ф «МЕЙІРІМДІ ДИНОЗАВР» 16.00 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ» 19.00 Д/Ф. 19.15 ЕСКЕНДІР ХАСАНҒАЛИЕВТИ ЕСКЕ АЛУ КЕШІ 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 21.25 Т/Х «ЖАР-ЖАР».

Дүйсенбі, 29 желтоқсан	Сейсенбі, 30 желтоқсан	Сәрсенбі, 31 желтоқсан	Бейсенбі, 1 қаңтар	Жұма, 2 қаңтар	Сенбі, 3 қаңтар	Жексенбі, 4 қаңтар
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф «КОМАНДА КОТИКОВ» 10.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ» 12.30 «ҚЫЗЫМНЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫ», Х/Ф. 14.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН 6» 16.15 «ТАРИФ «НОВОГОД- НИЙ», Х/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 20.00 Т/Х «АШЫҚТЫҢ ТІЛІ» 21.45 «ЕЛКИ», Х/Ф. 23.30 КОНЦЕРТ. 01.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ» 12.30, 20.00 Т/Х «АШЫҚТЫҢ ТІЛІ» 14.15 «ЕЛКИ», Х/Ф. 16.00 «ЕЛКИ-2», Х/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 21.45 «ЖАР-ЖАР», Х/Ф. 23.35 КОНЦЕРТ. 01.35 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА. 07.00 ОЯН! 09.00 «GRAND HOTEL КНАВАР» 11.00 М/Ф «СТРАЖИ АРКТИКИ» 12.20 М/Ф «БЛЕСТКА И СПАСЕННОЕ РОЖДЕСТВО» 13.40 «ЕЛКИ-2», Х/Ф. 15.30 «ПАПА ПОНЕВОЛЕ», Х/Ф. 16.40 «ЖАР-ЖАР», Х/Ф. 18.20 «ЗАМАНВАСК», Х/Ф. 20.00 «ҚЫЗЫҚ ПРЕМИЯ - 2025» 22.00, 00.00 «ҒАЖАЙЫП ТҮН» 23.50 ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҚУТТЫҚТАУЫ 03.10 ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ КОНЦЕРТ. 05.10 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ КАЛҒАРНИҰА. 07.00 ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА. 08.30 М/Ф «БЛЕСТКА И СПАСЕННОЕ РОЖДЕСТВО» 09.50 М/Ф «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО: НАПАДЕНИЕ МОНСТРОВ» 10.50 М/Ф «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО: ПРИКЛЮЧЕНИЯ В ЗАМКЕ ДРАКОНА» 11.50 «ЕЛКИ 3», Х/Ф. 13.40 «ҚЫЗЫҚ ПРЕМИЯ 2 025» 16.10 «ҒАЖАЙЫП ТҮН» 18.30 ЖАЙДАРМАН» 20.00 ҚАЙРАТ НҮРТАСТЫҢ КОНЦЕРТІ. 22.00 Т/С «КЕЛІНЖАН» 23.30 КОНЦЕРТ. 01.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 «ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА» 09.00 М/Ф «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО: НАПАДЕНИЕ МОНСТРОВ» 10.00 М/Ф «ПИНГВИ- НЕНОК ПОРОРО: ПРИКЛЮЧЕНИЯ В ЗАМКЕ ДРАКОНА» 11.00 М/Ф «ТАЙНА ПАРКА РАЗВЛЕЧЕНИЙ» 12.30 «ЕЛКИ 1914», Х/Ф. 14.30 «ЕЛКИ НОВЫЕ», Х/Ф. 16.00 «THE VOICE КАЗАКСТАН» 18.00 ЖАЙДАРМАН. 19.30 КОНЦЕРТ. 22.00 «КЕЛІНЖАН-2», Х/Ф. 23.35 КОНЦЕРТ. 01.35 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ «ЖАРАЙ МА?» 07.00 ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА. 09.00 М/Ф «ТАЙНА ПАРКА РАЗВЛЕЧЕНИЙ» 10.30 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ОЗОРНАЯ СЕМЕЙКА» 11.10 «ЕЛКИ НОВЫЕ», Х/Ф. 12.40 «ЕЛКИ ПОСЛЕДНИЕ», Х/Ф. 14.30 КОНЦЕРТ. 17.00 ЖАЙДАРМАН. 19.30 ДИЛЬНАЗ АХМАДИЕВАНЫҢ КОНЦЕРТІ. 21.30 «ҚАҢТАР» ПСИХОЛОГИЯСЫ» 22.00 «КЕЛІНЖАН-3», Х/Ф. 00.00 КОНЦЕРТ «МЕН...» 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА. 09.00 М/Ф «СТРАЖИ ТЕРРАКОТЫ» 10.40 М/Ф «БОЛЬШОЙ КОШАНИЙ ПОБЕГ» 12.00 «ЕЛКИ ПОСЛЕДНИЕ», Х/Ф. 13.45 «ДУБАЙ ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ», Х/Ф. 15.30 ДИЛЬНАЗ АХМАДИЕВАНЫҢ КОНЦЕРТІ. 17.15 «ҚЫЗЫҚ ПРЕМИЯ - 2025» 19.30 КОНЦЕРТ. 21.30 «МИФЫ КАНТАРА» 22.00 «ГДЕ МОЙ ДОМ?» Х/Ф. 23.30 «МЕН ЖАЙЛЫ...» 01.30 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 29 желтоқсан	Сейсенбі, 30 желтоқсан	Сәрсенбі, 31 желтоқсан	Бейсенбі, 1 қаңтар	Жұма, 2 қаңтар	Сенбі, 3 қаңтар	Жексенбі, 4 қаңтар
ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.55 ТАМАША CITY. 06.45, 02.05 П@УТИНА. 08.25, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 09.25 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.15 Т/С «НОВОГОДНЕЕ ЧУДО» 11.50 «ОГНЕВО», Х/Ф. 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2» 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.55 ТАМАША CITY. 07.10, 02.05 П@УТИНА. 08.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 09.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.00 «ПАНСИОНАТ СКАЗКА, ИЛИ ЧУДЕСА ВКЛЮЧЕНЫ», Х/Ф. 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2» 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША CITY. 06.45 П@УТИНА. 07.30 KÖREMIZ- ШОУ. 08.20 «32-Е ДЕКАБРЯ», Х/Ф. 10.00 Д/Ф. 11.00 «ЗОЛУШКА», Х/Ф. 12.40 «ОДНА ДОМА», Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.15 «ЕЛКИ-1», Х/Ф. 20.00, 00.05 «ҚОШ КЕЛДІҢ, 2026!» 23.50 НОВОГОДНЕЕ ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК К.ТОКАЕВА. 00.15 НОВОГОДНЯЯ НОЧЬ НА ПЕРВОМ	07.00, 03.55 ТАМАША CITY. 07.45, 02.10 П@УТИНА. 08.45 «МАРЬЯ- ИСКУСНИЦА» 10.10 «МАРУСА ФОРЕВА», Х/Ф. 11.35 «ЗАГАДАЙ ЖЕЛАНИЕ», Х/Ф. 13.05 «СНЕЖНЫЙ ЧЕЛОВЕК», Х/Ф. 15.00 КОНЦЕРТ. 17.00 «ЕЛКИ-1», Х/Ф. 18.30 «МИЛОСТИ ПРОСИМ», Х/Ф. 20.30 «ГОЛОСЯЩИЙ КНИВН» 23.00 «КОМАНДЫ» 00.05 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?» 01.25 «ДЕВУШКА С КОСОЙ», Х/Ф.	06.00, 03.45 ТАМАША CITY. 06.50, 02.45 П@УТИНА. 08.20 «МОРОЗКО» 09.50 «КАНИКУЛЫ OFF-LINE», Х/Ф. 11.30 «ЛАСТОЧКИНО ГНЕЗДО», Х/Ф. 15.00 КОНЦЕРТ. 16.35 «МИЛОСТИ ПРОСИМ», Х/Ф. 18.30 «КТО ВЫЗВАЛ АНИМАТОРА?», Х/Ф. 20.30 «ЗОЛОТОЕ КОЛЬЦО» 22.00 «ВОДИТЕЛЬ- ОЛИГАРХ», Х/Ф. 23.40 «КОМАНДЫ» 00.40 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?» 01.45 КОНЦЕРТ.	06.00, 03.15 ТАМАША CITY. 06.50, 02.45 П@УТИНА» 08.50 М/Ф. 09.15 «КАНИКУЛЫ OFF-LINE-3», Х/Ф. 11.15 «ЛАСТОЧКИНО ГНЕЗДО», Х/Ф. 14.45 «ЗОЛОТОЕ КОЛЬЦО» 16.15 «КТО ВЫЗВАЛ АНИМАТОРА?», Х/Ф. 18.15 «ПАРМЩИК», Х/Ф. 20.30 «КАЗАНОВА», Х/Ф. 00.10 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?» 01.15 «ЛЕГЕНДЫ «RETRO FM».	06.00, 03.30 ТАМАША CITY. 06.50, 02.00 П@УТИНА» 08.40 М/Ф. 09.20 «ЧЕРТОВ КАМЕНЬ СЕМЕРО СМЕЛЫХ» 11.00 «ЛАСТОЧКИНО ГНЕЗДО», Х/Ф. 14.30 «ЛЕГЕНДЫ «RETRO FM»» 16.10 «ПАРМЩИК», Х/Ф. 18.25 «ТУДА И ОБРАТНО», Х/Ф. 20.30 «КАЗАНОВА», Х/Ф. 00.10 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?» 01.15 Д/Ф.

**«Ұлттың мықтылығы – оның
жастарының білімі мен санасында»
– Білімді ұлт қана өзгелермен тең бола
алады.**
Халел ДӨСМҰХАМЕДУЛЫ.



С МЕРЕЙТОЙ

«ЗОЛОТАЯ ОСЕНЬ»: ЖЫЛУУЛЫҚ ПЕН БІРЛІКТІ ДӘРІПТЕГЕН 20 ЖЫЛ

Орталық аудандық кітапханада «Золотая осень» клубының 20 жылдық мерейтойына арналған салтанатты шара өтті. Жиырма жыл бойы бұл клуб аға буын өкілдерін біріктіріп, оларға шығармашылықпен айналысуға, бір-бірімен етене араласуға, қолдау мен жылылық табуға мүмкіндік беріп келеді.

Клуб өз жұмысын бастаған күннен бастап ауданымыздағы мәдени-рухани өмірдің маңызды бөлігіне айналды. Мұнда жасы үлкен азаматтар белсенді қоғамдық өмірге араласып, шараларға қатысып, жаңа достар тауып, өмірдің мәнін жарқын эмоциялармен толықтыра алады.

Мерекелік шараға құрметті қонақтар - аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Любовь Егорычева, этномәдени орталықтың жетекшісі Людмила Ессе, еңбек демалысына шыққан кітапханашы Ботагөз Ғалиақбарова қатысты.

«Ақжаулық» клубымен «Северяне» бастауыш ардагерлік ұйымының мүшелері де жүрежарды тілектерін арнап, мерейтой иелерін құттықтады.

Сондай-ақ, орталықтан дырылған кітапхана жүйесінің директоры Сандуғаш Бекішева клубтың жиырма жылдық ішінде атқарған жұмысына жоғары баға беріп, оның белсенді мүшелеріне алғысын білдірді. Ол «Золотая осень»



клубының аға буын өкілдерін шығармашылық пен рухани ортада біріктіре білгенін атап өтті.

Шараның ең әсерлі сәттерінің бірі — клуб құрылған алғашқы күндерден бастап бүгінге дейін белсенділік танытып келе жатқан ардагерлерді марапаттау болды. Олар аудандық

ардагерлер кеңесінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Бұл марапат клубқа деген адалдығы, қоғамдық өмірге қосқан үлесі және белсенді азаматтық ұстанымы үшін берілді.

Мерекелік кештің көңіл-күйін аудандық Мәдениет үйі көркемөнерпаздарының өндері

айшықтап, қонақтарға шаттық пен ерекше әсер сыйлады.

«Золотая осень» клубының 20 жылдығы — жылулыққа, ізгілікке, парасат пен бірлікті құрметтеуге арналған айтулы оқиға. Ол көп жылдар бойы даналықты, сыйластықты, дәстүрді және бірлік рухын сақтап келе жатқан адамдардың

еңбегінің айқын көрінісі.

Клуб алдағы уақытта да өз мүшелеріне қуаныш пен шығармашылыққа толы орта сыйлап, аға буынды қолдауды жалғастыра береді.

Маржан ТҰЯҚОВА,
орталық аудандық кітапханасының кітапханашысы.

С БАСПАСӨЗ - 2026

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу науқаны аяқталып жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - жеке тұлғалар үшін - 2185 теңге, заңды тұлғалар үшін - 3372 теңге.

Анықтама телефоны: пошта - 2-17-80, редакция - 2-21-35.

ЕСКЕ АЛУ

АСЫЛ БЕЙНЕҢ МӘНГІ ЕСІМІЗДЕ



Алланың әмірі-ай, кеше ғана көз алдымызда жарқылдап жүрген ардақтымыз, отбасының тірегі, шаңырағымыздың көркі болған, Булаев қаласында ғұмыр кешкен, 2015 жылдың 26 желтоқсанында дүниеден озған асыл жарым, аяулы анамыз, қымбатты әжеміз Темірбаева Аққу Зекенқызын сағынышпен еске аламыз.

Иә, қымбаттымыздың мәңгілік мекеніне аттанғанына биыл он жыл толды. Тағдырдың сыны қабырғамызды қайыстырып, жүрегімізді мұңға толтырды. Қайтейік, «Жазмыштан озмыш жоқ» деген, асылымызды жарқын бейнесін жүрегімізде мәңгі сақтап, сағынышпен еске алғаннан басқа амал бар ма?

Бүгін орны ойсырап қалған асылымызды сағынышпен еске алып, аруағына Құран бағыштап, жатқан жері жарық, жаны жәннатта болсын, иман байлығын берсін деп тілейміз.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Жылайсың да, кенесің басқа салғанда. Көзімізге ып-ыстық жас келеді. Ана, өзінді сағынып еске алғанда. Бәйтеректей әулетке сая болған, Ешкімнен мейірімін аямаған. Жәннатта болсын рухың биік, Өзіндей қайда бізге аяулы адам.

Еске алушылар: жолдасы Бағлан, балалары мен немерелері.

<p>Директор - бас редактор Нәзім ГОИРҒАР</p> <p>Газеттің мәшһік нәсі: «Газета «Өсиет» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Батын көшесі, 13 үй.</p> <p>Тел: 2-17-49, Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magzhan Zhuldizy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл к., Копулов к-сі, 5 үй). Тарауымы - 450</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тәсірарысы бойынша шығарылады және газеттер арқасы мен жеткізгіш ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады.</p>
---	---	--	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есенке алынған, №17395-Г құрамын алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәшһігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізпін беру мәсележі жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады